

## References

- 1 Tileuzhan M. *Education*, Almaty, 2006, 2, p. 24.
- 2 Akhmetova M.T. *Self-knowledge*, Almaty, 2007, 2, p. 18.
- 3 Babaev S.B. *Primary school*, Almaty, 2007, 4, p. 7.
- 4 Аумауытов Ж. *Education*, Almaty, 2008, 47, p. 38–43.

ӘОЖ 37.035.6 (574)

С.Х.Медиева, Ж.Б.Әсетова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail:sara.orazbaeva.66@mail.ru)

**Ұлттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық алғышарттары**

Мақалада бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттары, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу мәселелері сипатталған. Қазақ халқының ғасырлар тұңғышынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеуге байланысты жанұя, мектеп, сынып жетекшілерінің тәрбие туралы беретін білім негіздері қарастырылған. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру жайындағы түсініктер келтірілген.

*Кілт сөздер:* азат, педагогика ғылымы, өркениетті, эстетикалық құндылықтар, әлеуметтік институт, салауатты, өскелең ұрпақ, ұлттық сана-сезім, рухани, іс-әрекет.

Тәрбие — қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдық тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш — жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді.

Тәрбие — қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдық тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш — жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдік көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойындағы азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзушілікке тәрбиелеу.

Тәрбиенің негізгі міндеттері:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру;
- саяси-құқықтық, экономикалық, экологиялық, талғам мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру;
- өзінің кәсіби қабілетін айқындауды қалыптастыру;
- отбасылық мәдениетті және гендер проблемасындағы сауаттылықты қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік, этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттылық мәдениетін қалыптастыру.

Әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгермелі жағдайында тәрбиені іс-әрекет тұрғысында қарау маңызды, себебі оқушылар ерік-жігерді талап ететін, өмірде кездесетін шынайы жағдайларға араласады, бұл жағдайлар оларға басқалардан ерекшеленіп жақсы жағынан көрінуге мүмкіндік туғызады. Бала тұлғасы өмірін адамгершілікке байытатын және өмірдің мәнді де маңызды мәселелерін шешуге ұмтылыс жасайтын жасанды жағдаяттар мен жағдайлар жасалады. Бүгінде мұғалімнің оқушы бойына қалыптастыратын нақты іс-әрекетті оларды дағдыға үйрету, бағалау пікірін қалыптастыру, шығармашылық пен қайта өңдеуге қабілеттілігін, тұрақтылығы жігер мен ерікті тәрбиелеу сияқты белгілі тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруына бағытталып баланың өмірде, қоғамда таңдаған істеріне нәтижелі болуына көмектеседі [1].

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа Жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды, жетім балалар, «киын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбеккер, сыпайы, кішіпейіл болып өседі.

Сондықтан да ұлттық тәрбие — ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. қазақ акын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Тәрбие дегеніміз не? Тәрбие деп үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсерін айтады. Тәрбиенің өзі неше түрлі саладан, айталық, моральдік, интеллектуалдық, эстетикалық және еңбекке үйретуден, дене шынықтырудан құрастырылады.

Мектеп пен жанұяның негізгі мақсаты — оқушыға мораль тұрғысынан тәрбие беріп, оның қазіргі өскелең талаптарға сай әр алуан қасиеттерін сана жағынан өрістету. Моральдік принциптерді тәрбие арқылы іс жүзіне асырудың өзінше мынадай екі түрлі жолы бар: бірінші жолы — мектеп бойынша, тәртіп сақтауда әр түрлі істерді меңгеріп, соған дағдыландыру; екінші жолы — моральдік принциптерді ауызша түсіндіру [2].

Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер, бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр. Оқыту мен тәрбие бүгінгі өмірмен ғана астасып қана жатқан жоқ, тарихтың тұңғығымен астасып жатыр. Сол себептен де өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Бүгінде жаңа бетбұрыс жасау кезеңі деп білеміз. Педагогика ғылымы алдында оқу-тәрбие жүйесін ұдайы жетілдіру мәселесі қойылып келеді. Қазіргі кезде қазақ мектебі оқушыларының игеруіне арналған бағдарламалар бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым күрделі. Ақпараттарды жоғары ғылыми-теориялық деңгейде терең және тыңғылықты оқыту, оқу мәліметтерін терең және шығармашылықпен меңгеру

талап етіледі. Яғни өздік білімін көтеруіне, ақпарат көздерін алуға, ақыл-ой қабілетінің дамуына, білім негіздерін саналы түрде игеруіне барынша көңіл аударылуы қажет деп білеміз.

Мектеп өз түлектерінің мәдени негізінің қалыптасуына ықпал етеді, ол дегеніміз — мектеп бітірушінің білім мазмұнын, жеке тұлғаның өзін-өзі ары қарай дамыту факторы. Қойылған мақсат тәрбиелік міндеттер арқылы жүзеге асады. Оларды анықтаудың әр түрлі әдістемелері бар. Мысалы, Н.Е.Щуркова келелі тәрбиелік міндеттерді ұсынады:

а) тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

ә) ұжымды ұйымдастыру мен дамыту;

б) оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен қабілеттерінің көрінуі мен баюы үшін жағдай жасау.

Тәрбие процесі жеке тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясына, құндылықтар теориясы мен басқару теориясына сүйенуі қажет. Ал, жеке тұлға теориясы арқылы мұғалім оқушының тек тәрбие объектісі ғана емес, сонымен қатар ол іс-әрекеттің субъектісі екенін де түсінеді. Оқушы бойына мотив, мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларын қалыптастырады. Мотивтің қалыптасуы оқушыларға адамгершілік түсініктерді ұғынуға; мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының қалыптасуы өз ерекетіне қанағаттануға жағдай жасайды [3].

Дарынды оқушыға талантты мұғалім қажет. Егер ұстаз өз сабағын жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің ертеңі — бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры — ұстаздың қолында», — деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, әр мұғалім өзінің білімін үздіксіз жоғарлатып отыруы қажет.

Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ — ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы — халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет — оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетінде басқару теориясының маңызы да бар. Педагогтың негізгі жұмысы — оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, ал ұйымдастыру басқару теориясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның заңдылықтарын білу педагогтар мен оқушылар арасындағы қатынасты, сыныптағы тәрбие жүйесін басқаруға мүмкіндік береді.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныппен немесе жеке бір оқушымен этикалық әңгіме өткізу ерекше орын алады. Өсіп келе жатқан адамның қиындықтарын адамгершілікпен түсіндіру, ересек адам тарапынан көрсетілген өз мезгіліндегі моральдік қолдау, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көп әсер етуі мүмкін. Өкінішке орай, көбінесе, этикалық әңгімелер үгіт-насихатпен алмастырылады. Мұғалімдер В.А.Сухомлинскийдің мұғалімнің сөзіне, оның оқушымен әңгімесіне зор мән берген пікіріне қосылады.

Пән мұғалімдердің оқушыларды тәрбиелеуі сынып жетекшілерінің басшылығына тәуелді. Осылайша, олар сыныптағы тәрбие жүйесін жүзеге асырады. Сонымен, сынып жетекшісі дегеніміз — оқушылар тәрбиесін реттеуші мұғалім. Мектептің тәрбие міндеттеріне сүйене отырып, осы мәселені шешуге пән мұғалімдері, оқушыларды, ата-ананы, демеушілерді т.б. тарта отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастырады.

Бала ана құрсағынан мектепке барған сәтке дейін жанұя тәрбиесін алады. Жанұя, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы жанұяның өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбие мәселелерін шешудегі ерекшелігі — ата-ананың білім мен жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың жанұядағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол жанұя мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйлесімді, тұрмыстық өмір. Жанұя тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандайда түрі алмастыра алмайды [4].

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ ағайын-туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол

арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспауы қанның тазалығы, яғни ұлттың таза болуына әкеледі, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын деген.

Жанұя тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда, артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер Өркениетті қоғам дамыған сайын жанұядағы бала саны азайып келеді. Аз балалы жанұяда, негізінен бір баласы бар жанұяда, ішкі жанұялық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол — балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді.

Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарының басым болуына әкеліп соғады.

Толық емес жанұяларда, ата-анасының біреуі жоқ болған жанұяларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай жанұялардың көбінде ана және бала ғана болады. Мұндай жанұя тәрбиесінің проблемасы — ананың жанұя тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады. Осының нәтижесінде елімізде девиантты мінез-құлықты балалардың саны, яғни қиын балалардың саны артуда. Қазіргі жастардың ақыл парасаты құлдырау үстінде. Олар аяқ астынан бәлеге ұрынып, абыройынан айырылып қалатын жағдайлар да баршылық. Кейбіреулер білімді болса тәрбие өзі-ақ қалыптасады дейді. Сондықтан білімді болған жөн деседі. Білім алғанның бәрі жақсы тәрбиелі бола алмайды. Білім алу үшін де тәрбие қажет. Тәртібі осал, ата-анасының ақылын алмай сабақ бетіне қарамайтын бала қалай білімді бола алады. Бір сөзбен айтқанда, тәрбиелі болса ғана білім алады. Тәрбие ақылмен тығыз байланысты. Адамды адам қылатын — ақылы. Халқымызда «Ақылдыға ерсен — адаспайсың» деген нақыл бар. Ата-ана мен аға буындардың ақылын алып, солар сілтеген дұрыс жолмен жүретін болса жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие қалыптасады. Бірақ оларға тіршілік еткен ортадан әсер ететін тәлім-тәрбие де жоқ емес. Әсіресе бала үлкендерге еліктегіш келетінін ескерген жөн.

Баланы дұрыс тәрбиелеу тек әке-шешенің ғана міндеті емес. Бұл — баршаның ісі. Бала — біздің болашағымыз, қоғамның бір мүшесі және оны ары қарай дамытушы, келешек кемеңгері, саясаткер, ел ағасы. Сондықтан баланы инабаттылыққа тәрбиелеу — бәріміздің абзал борышымыз. Тәртіп баланы салауатты тепе-теңділікпен өмір сүруге үйретеді. Тәртіп баланың дұрыс және терісті, халал мен харамды айыру, өзін бақылау, адамгершілік қарым-қатынастарына шек қоя білу, жақсы мен жаманды айыра алатын т.с.сана-сезімдерін қуаттандырады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы — отбасында, екінші — мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе.

Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. «Ұлттық мектеп дегеніміз — ұлттық рухта тәрбие беретін орын».

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие — біздің ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу — бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту — баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнегеге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбиенің бастамасы болып табылады. Елбасымыздың кезекті жолдауында да болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі де басым бағыттардың бірі болып отырғаны тегін емес. «Адамға ең бірінші

білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», — дейді Әбу Насыр әл-Фараби өз қағидасында [5].

Сол себепті мектебіміздің де күнделікті тыныс-тіршілігі әрдайым тәрбиеден басталады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектептік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше, тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру процесі де біртұтас сипат алады. Міне, осындай біртұтас тәрбие процесінде мектеп жетекші рөл атқарады. Ұрпақ тәрбиесі — адамзат баласының асыл мұраты. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында әр ұстаз адамгершілік, ізгілік кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді. Бұл ретте мектептегі тәрбиенің мақсаты — ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, парасатты, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеу.

Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Ұрпақ тағдыры — ұлт тағдыры демекші, ұлттың болашағы — оның білімді, талантты адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтың қолында.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Бүгінгі күнде біз бір кісідей «Жаңа заман жаңа дәуір, жаңа ғасырға» аяқ басып отырмыз. Біздің басты міндеттеріміз — ұрпақты адамгершілік, бауырмалдық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениетті кіріктіре меңгерту.

Бүгінгі күнде біз бір кісідей «Жаңа заман — жаңа дәуір, жаңа ғасырға» аяқ басып отырмыз. Біздің басты міндеттеріміз — ұрпақты адамгершілік, бауырмалдық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениетті кіріктіре меңгерту.

Тәлім-тәрбие жүйесінің алға қойған нақтылы мақсаты болмаса, жас ұрпақтың санасы сергелденге ұшырап, күні ертең сан соғып, сандалып қалары анық. Сондықтан оқу-ағарту мәселесінде нені оқытып, қандай әдіс-тәсіл қолданатынымызды алдын ала айқындап алған жөн. Әйтпесе жас жеткіншектерге жүйелі тәрбие бере алмаймыз, берген күннің өзінде еңбегіміз зая кетеді. Ал жас ұрпақ оқып-тоқығанын өмірлік тәжірибесінде қажетіне жарата алмай қиналады.

Егер тәлім-тәрбие арқылы жас ұрпаққа заманауи ғылым-білімнің тізгінін ұстатып, жүрегін иләһи нұрмен көмкерілген руханиятпен сусындатсақ, санасына төл тарихын сіңдіріп, жүздерін жарқын болашаққа қарай бағыттап білсек, төккен теріміз бен еткен еңбегіміздің зая кетпегені. Зая кету, былай тұрсын, еңбегіміздің жемісін еселеп көретінімізге кәміл сенімдіміз. Тіптен, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі үшін жұмсаған тиын-тебеніміз бен қажыр-қайратымыз бір тұқымнан мың бір миуа беретін жеміс ағашындай елімізді құт дарыған берекетті қазынаға қауыштырады.

Жақсы тәрбиемен бұғанасы қатқан жас буындар жұлына жұлқынудың жазмышынан сақтанып, жақсылыққа ұмтылатын, үмітсіздікке салынып, жүрдім-бардымға жүндей түгілмейтін қадір-қасиетке ие болады. Ал, мұндай сана-сезімнен мақұрым қалғандар ата-бабаларынан қалған бар байлықты дарақылықпен шашып-төгіп, рухани жұтандықтан жігеріне құм құйылып, жел айдаған қаңбақтай ой мен қырды аралап, жойылып кете бермек [6].

Негізінде ұлттық тәрбие дүниесімен білім беруді барынша дамыта түсу керек деп санаймын. Ұлттық тәлім-тәрбие ата-бабаларымыздың көне дәуірден бүгінге дейін жас ұрпақ өкілдеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру жөніндегі жиынтығы деп айтсақ қателеспейміз. Ұлттық тәрбие — ұрпақ тағдырын шешетін ұлы қазынамыздың бірі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Рауан, 1982. — 246-б.
- 2 Педагогика. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. — Алматы: Нұрлы әлем, 2003. — 368-б.

- 3 Ақажанова А.Т. Девиантология. — Алматы: Заң әдебиеті, 2009. — 126-б.
- 4 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — 3-бас. — Алматы: Эверо, 2004. — 420-б.
- 5 Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. — Алматы: Білім, 1995. — 232-б.
- 6 Шашақова А. Халық тәлімі — тәрбие бастауы. — Алматы: Рауан, 1994. — 112-б.

С.Х.Медиева, Ж.Б.Асетова

### **Историко-педагогические предпосылки национального воспитания**

В статье приведены приоритетные направления развития воспитания и образования поколения, свободно переступившего порог XXI в. Авторами выделена проблема воспитания личности, способной вывести национальные ценности на мировой уровень. Рассмотрены основы вековых традиций семьи и школы в воспитании поколения. Авторами приводятся разъяснения по совместной работе учителей и родителей, которые направлены на назидательное воспитание достойного, гармонично развитого ребенка. Подчеркнуто, что испокон веков передавались из поколения в поколение нашими предками советы, драгоценное наследие, национальная гордость, национальный дух, доблесть, честь, любовь к родному языку и национальной культуре.

S.Kh.Medieva, Zh.B.Asetova

### **Historical and background national education**

This article about today's, XXI century education of generation make it perfect, personality's education. The problem of education of personality able to show out national values on the world level. Education of Kazakh which begins from centuries connects with family, school, teacher. Bases are considered age-old to tradition of family, school and class leaders about education of generation. Common discipline teach child to live hale and how built right of national education, work of teachers and parents together. Since time immemorial passed from a generation in a generation by our ancestors advices, precious heritage, national pride, national spirit, valorous honour, love to the mother tongue and national culture.

#### References

- 1 Mukanov M.M. *Young and pedagogical psychology*, Almaty: Rauan, 1982, p. 246.
- 2 Pedagogic. Kazakh National Pedagogical University by named Abay, Almaty: Nurly alem, 2003, p. 368.
- 3 Akazhanova A.T. *Deviantaloga*, Almaty: Yuridicheskaya literatura, 2009, p. 126.
- 4 Koyanbaev Zh.B., Koyanbaev R.M. *Pedagogic.3 article*, Almaty: Evero, 2004, p. 420.
- 5 Uzakbaeva S. *Root is deeply education*, Almaty: Bilim, 1995, p. 232.
- 6 Shashakova A. *The story of people beginning of education*, Almaty: Rauan, 1994, p. 112.